

## Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі Шынқожа ауылы Қабанбай көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 26 қарашадағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қарашада № 7889 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 8 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 12.03.2021 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**З Қ А И - н ы ң      е с к е р т п е с с .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес және Аягөз аудандық аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық инспектордың 2020 жылғы 13 қарашадағы № 319 ұсынысы негізінде, Нарын ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдардың арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі Шынқожа ауылы Қабанбай көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нарын ауылдық округінің әкімі*

*M. Тусупов*